



ШЕКТЕН ШЫҚҚАН

Шыққан төрін сыйламайтындар да бар. Қостанайдағы Челябинск университетінің бөлімшесі бүгінгі күнге дейін ешқандай лицензиясыз жұмыс істеп келген. Заңсыздықты тамыз айындағы тексеру кезінде білім және ғылым министрлігі байқапты. Сөйтіп, олар арнайы әкімшілік хаттама толтырған. Алайда ресейлік университеттің өкілдері 2003 жылы мерзімсіз лицензия алғандарын айтып, ақталуға тырысқан көрінеді. Бірақ соңғы жылдары енген заңдағы өзгертулер мен толықтыруларға сәйкес, әлгі құжат жарамсыз болып қалыпты.

уақыттағы кірісі тәркіленеді», – деп түсіндірді. Занды белден басып келген 64 оқытушысы бар Челябинск университетінің Қостанайдағы бөлімшесінде 3 мыңнан аса студент білім алады.

Ал университет филиалы директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары Наталья Нализко жергілікті «Наша газета» порталына берген сұхбатында «Мен, егер прокуратура лицензиясыз қызмет көрсету үшін емес, лицензияның қайта рәсімделмегені жөнінде ұйғарым берсе келісер едім. Дейтұрғанмен, білім және ғылым министрлігінің қисыны бізге түсініксіз.

ЛИЦЕНЗИЯСЫЗ ЖҰМЫС ІСТЕГЕН



Зан – ортақ. Занға сәйкес, еліміздегі шетелдік оқу орындары халықаралық келісімшарт негізінде жұмыс істеуі тиіс. Оған бағынбаса, айыппұл салынады. Ресейлік университеттің ісі сотқа жеткен. Сот ешқандай құжатсыз жұмыс істеп келген оқу орнына айыппұл салыпты.

Қостанай облыстық соты баспасөз қызметінің жетекшісі Зәуре Едікова «Қазақстан» ұлттық арнасына берген сұхбатында «Білім ордасы Әкімшілік кодекстің 463-бабы, 1-тармағы бойынша жауапқа тартылды. Оқу орнына 25 айлық есептік көрсеткіш бойынша айыппұл салынды. Сонымен қатар лицензиясыз жұмыс істеген

Бізге «Филиалдағы білім беру бағдарламасы Қазақстан талаптарына сай болуы тиіс», – дейді. Бірақ біз қазақстандық диплом бермейміз ғой. Біз – ресейлік жоғары оқу орнының филиалымыз. Біз бұл жерден әділетсіз бәсекелік таластың белгісін байқаймыз. Америкалық және түріктің білім беру бағытындағы оқу орындары проблемасыз жұмыс істеп жатыр», – деді. Университет өкілдері бұрын алған лицензияны қайтадан рәсімдеуге тырысып жүр.

Базар КӘДІРБАЙҰЛЫ,
Қостанай қаласы

Өңір

ҚЫСҚА ҚАМСЫЗ

КӨКШЕДЕ:

Ақмола облысында жылу маусымы басталғалы екі апта өтсе де, Бұрабай кентінің іргесінде орналасқан Оқжетпес ауылындағы 800-ден аса тұрғын пәтерінде бүрсең қағып отыр. Аумақта осыдан үш жыл бұрын экологияны жақсарту үшін жылу қазандығы салынып, Оқжетпестің тұрғындары пәтерлеріндегі мұржаны пештен құтылғанына қуанған. Алайда кара суық түскелі пәтерлерінде тоңып отырған жұрт жылуға төлейтін ақшадан бас тартып отыр.

ҚЫЗЫЛЖАРДА:

Су құбыры жарылып, тұрғындар әбiгерге түсті. Құбырдан аққан ыстық су жер үйлерге қарай жайылған. Апаттың зардабын 100-ге жуық тұрғын тартып отыр.

Құбыр жарылған соң қалада жылу беру уақытша тоқтатылыпты. Ал ыстық су төрт көшені басып қалған. Мамандар жуырда ғана күрделі жөндеуден өткізген құбырдың жарылу себебін анықтауда.

КЕРЕКУДЕ:

Бір елді мекен түгелімен тіршілік нәрінен тарығуда. Екібастұзға қарайтын Құлақол ауылының тұрғындары жергілікті биліктің құрғақ уәдесінен шаршаған. Қазір қараша ауыз суды теміржол арқылы тасып ішеді. Оның өзі жеткіліксіз. Сондықтан жұрт қосымша тағы да су сатып алуға мәжбүр. Қазір алты жүздей тұрғын күн сайын шелегін аркалап, ауыз судың келуін күтеді. Тіршілік нәрі күніне таңертең және кешке ғана жеткізіледі. Екі мәрте жеткізілген судан алып үлгермейтіндер де бар.

МІНБЕР

Заңмен шегеленген мемлекеттік тілдің қолдануы өлі де кемшін. Қазақ тілі тегеурінді болу үшін, өміріміздің барлық саласы қазақша сөйлеуі үшін не істеу керек? Осындай түйінді мәселе Елордада өткен тұңғыш Тіл форумында жан-жақты сөз болды. Біз форум барысында баяндама жасаған тіл жанашыры, Мәжіліс депутаты Сауытбек Абдрахмановпен хабарласып, алқалы бас қосу төңірегінде пікірін білген едік.



Жаһандану мен ұлттану үдерісінде тілдің алар орны орасан. «Қазмедияның» кенінен толтырған жұртшылықтың келісі, еліміздің қиыр-қиырдағы тіл жанашырларының бас қосуы, тіл басқармалары басшыларының мәдениет және спорт министрлігінде толғағы жеткен мәселелерді талқылауы бәрімізді де қуантты. Министр Ақтоты Райымқұлованың қысқа қайырған құттықтау сөзі де шымыр шықты, бірқатар жайлардың басын ашып берді. Танымал жазушының перзенті ретінде Ақтоты қарындасымыз осы іске тын тыныс қосуға тиісті.

АСЫҒЫС АУЫСТЫРҒАҢДАРДАН САБАҚ АЛМАППЫЗ

Құрылғанына көп уақыт өте қоймаған «Тіл-Қазына» орталығы үлкен шаруа бітірді, құтты қадам жасалды дей аламыз. Мұның өзі Орталық басшылығына көрнекті жазушы, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Әлібек Асқардың келуімен оның жұмысы жандана түселі деген үміт ұлатып отыр.

«Қазақ ісіндегі неше түрлі кемшіліктің көбі түзелгенде оқумен түзеледі... Елді түзетуді біз әуелі бала оқытуды түзеуден бастауымыз керек», – деген болатын Ахаң – Ахмет Байтұрсынұв. Бұл бағытта біраз дұрыс қадамдар жасалып жатыр. Жақында ғана Мәжілісте өткен Үкімет сағатында ендігі жерде балабақшаларда ағылшын тілі оқытылмайтын болғаны хабарланды.

Үш тілді ұлт болу жөніндегі көкейге қонымды талапты шаш ал десе бас алатын солақай саясатқа ұластырып, ағылшын тілінде қырық бес минуттық сабақты естіп түсіну тұрмақ, сол сабақтың мәтінін қағазға түсіріп бергенде оқып түсіне алмайтын балаларға министрліктен әлгі сабақтың дайын мәтінін жіберсе де өзі оқып түсіне алмайтын мұғалімдердің ағылшын тілінде судыратып сабақ беруін талап ететін науқаншылдықтың енді қайталанбауына сенгіміз келеді.

Парламентке Үкімет жұмысын қадағалау жөнінде жаңа құзыреттер берілуіне байланысты бұл мәселе ұдайы назарымызда тұратын болады. Бұл мақсатқа қол жеткізу үшін мектептерде ағылшын тілін оқытуды атымен жанаша ұйымдастыруға, университеттер мен институттарда, колледждерде оқу процесін шәкірттер ағылшынша жақсы біліп шығатындай етіп жолға қоюға, ағылшын тілінде оқытылатын пәндердің ағылшын тіліндегі оқулықтарын дайындауға, жалпы ұлт сол тілде сөйлеуге бейімделу үшін бұқаралық ақпарат құралдарын, әсіресе теледидарды, интернетті сол тілге де бейімдеуге тура келеді. Басқа да мәселелер жеткілікті. Соның ішіндегі ең бастысы, былайша айтқанда, мәселенің мәселесі – латынға көшудің жайы.

(Жалғасы 4-бетте)

ТАҒДЫР

САУ КЕТІП, САЛ БОЛЫП ОРАЛДЫ



Бүгінде сәләфизмді насихаттап, қазақ топырағында бірнеше мыңдаған жалған сәләфты қолдан жасап шығарған Оқтам Зәуірбеков, Ділімұрат Махаматов еліміздің түзету мекемелерінде жазасын өтеп жатыр. Мамандардың пікірінше, әрі құқық қорғау органдарының тергеу нәтижесі бойынша, еліміздегі террористік актілердің барлығы осы радикалды сәләфтардың қолымен жасалды.

(Жалғасын 5-беттен оқыңыз)



БИРЖАМЕТР

МҰНАЙ (brent)
61,43

DOLLAR
388.96

EURO
432,21

РУБЛЬ
6,09

ҚЫЗЫҚТАН ҚЫЗЫҚТАРЫ



Тіараға – кондиционер

ТҮЗЕТУ!

Газетіміздің №42 санында 2-бетте «Қызықтан қызықтары» айдарымен жарияланған «Тіараға – кондиционер» атты мақаладағы екінші сөйлем «Ал Маңғыстау облысындағы жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламаларды үйлестіру басқармасы басшысының орынбасары қысқы суықтан қорықса керек, тіараға кондиционер алыпты» деп оқылсын. Редакция Маңғыстау облысындағы жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламаларды үйлестіру басқармасының басшысынан осы алқылық үшін кешірім сұрайды. Материалды дайындау барысында жіберілген техникалық қателік үшін газет қызметкеріне тиісті шара қолданылды.



7 КҮН 168 САҒАТ

www.jasqazaq.kz

E-mail: jasqazaq2019@mail.ru

БИЛІК

Осы аптада Жапонияға барған еліміздің Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев Жапон императоры Нарухитоның таққа отыруына арналған ресми шараға қатысты.

Бұл шараға 170-тен астам елдің делегациясы қатысты. Олардың қатарында Жапон үкіметі, оның ішінде Үкімет басшысы Синдзо Абэ Нұрсұлтан Назарбаевтың осы жолғы сапарына зор ризашылық білдірді.

Токиода Нұрсұлтан Назарбаев Жапон премьер-министрі Синдзо Абэмен кездесті. Елбасының баспасөз қызметі хабарлағандай, кездесу барысында Н.Назарбаев Синдзо Абэге император Нарухитоның таққа отыру рәсіміне қатысуға шақырғаны үшін алғыс айтты. Келіссөз барысында екіжақты ынтымақтастық және сауда-экономикалық қатынастарды дамыту мәселелері талқыланды.

Синдзо Абэ еліміздің антиядролық бастамаларына және жаппай қырып-жою қаруының таратылуына қарсы қабылдаған шараларына қолдау білдірді.



aktordak.kz

КҮНШЫҒЫС ЕЛІНДЕ

Сапар барысында Елбасы Цукуба университетінде болып, білім ордасының Құрметті докторы атанды. Марапаттау рәсімінде Н.Назарбаев екі ел арасындағы достық қарым-қатынас пен жемісті серіктестік орнағанын атап өтіп:

«Ең алдымен, Жапония еліне бесінші рет сапарлап келгеніме қуаныштымын. Токиода Қазақстанның Тұңғыш Президенті және Елбасы лауазымымен алғаш келіп тұрмын. Хэйсэй дәуірінде Жапонияға жасаған сапарларымда императормен және үкіметпен екіжақты халықаралық байланыс мәселелерін талқылау барысында өзара келісімге келе білдік. Қазақстан мен Жапонияның дипломатиялық қарым-қатынасы Нарухито император тұсында да жемісті болатынына сенімдімін», – деді.

Бүгінде Жапония – Қазақстанның Азиядағы басты серіктестерінің бірі. Екі ел арасындағы қарым-қатынас кеңейтілген серіктестік пен ынтымақтастық деңгейіне жеткенін

айтқан Н.Назарбаев Цукуба университеті терең тарихымен танымал әлемдік деңгейдегі білім орталығы, білім ордасы казакстандықтар арасында да үлкен

– «Болашақ» бағдарламасының стипендиаттары.

Кездесуде «Рухани жаңғыру» бағдарламасының жүзеге асырылуы барысына да тоқталып, оның негізгі элементтерінің бірі – «Архив – 2025» жобасы екенін айтты. Бұл ежелгіден қазіргі заманға дейінгі барлық отандық және шетелдік мұрағаттардағы іргелі зерттеулерді қамтиды. Осы орайда Елбасы Жапон үкіметі мен мәдениет агенттігінің төрағасына бағдарламаны жүзеге асыруда көрсеткен қолдауы үшін алғыс айтты.

Күншығыс елінің мәдениет агенттігі де елімізде мұрағат деректерін цифрландыру бойынша бірлескен жобаны жүзеге асыруға мүдделі екендіктерін жеткізді. Жоба барысында біріншілік электронды кітапханада жинақталған, цифрландырылған кітап, мұрағат, музей қорлары негізінде электронды білім кеңістігі қалыптастырылады. Бұл тұрғыда жапондар зерттеу, мұрағат деректерін есепке алу және сақтау технологияларын беруге, зерттеу әдістерімен бөлісуге және материалдарды цифрландыруға дайын отырғаны айтылды. Университеттегі кездесу соңында Елбасы барлық қатысушыларды император Нарухитоның таққа отыруымен және жапон елінде Рейва дәуірінің басталуымен құттықтады.

Айдос ҚҰСАЙЫНОВ

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Ержан САЛТЫБАЕВ,
Саясаттанушы:

Нұрсұлтан Назарбаевтың жапон императоры Нарухитоның таққа отыруына арналған ресми шараға қатысуы, екі ел арасындағы қарым-қатынасты дамыту мақсатында премьер-министр Синдзо Абэмен кездесуі зор маңызға ие екені даусыз. Өйткені Қазақстан – Жапонияның Орталық Азиядағы ірі сауда серіктестігі. Мәселен, былтыр екі ел арасындағы сауда айналымы 30% артып, қаражатқа шаққанда 2 млрд АҚШ долларына жетті. Күншығыс елі экономикамызға атсалуды 10 инвестор елдің қатарында. Соңдай-ақ бізде жапондардың технологиялық кооперацияны дамыту тәжірибесіне ерекше көңіл бөліп отыр. Бұл ел жоғары технологиялар саласын дамытуда әлемде теңдесі жоқ мемлекет. Жапония үшін Қазақстан Еуразия орталығындағы маңызды өріпест. Соңдықтан Күншығыс елі келік-логистика саласында бірлесу жұмыс істеуге ынталы.

сұранысқа ие екенін жеткізді. Еліміздің 105 студенті Цукуба дипломын алған. Олардың көпшілігі



Нұрлан НЫҒМАТУЛИН,
Мәжіліс төрағасы:

«ҚазАгроның» жинақталған шығыны 400 млрд теңгеге жуық қаржыны құрады. Яғни

компания табыс орнына шығынды жинап келеді. Жалпы, «ҚазАгро» қандай да бір жұмбақ құрылым іспеттес. «Бермуд үштаған» десе де болады, ақша компанияға барғанымен, ешбір нәтижесіз жоғалып тынады. Холдингте трансформация шараларының жүргізілгені дұрыс. Алайда бюджет қаржысын ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілерге жеткізу жүйесін түбегейлі өзгерту керек. Қаржыны алып, оның қайтармау деген болмайды. Мемлекет қаржысының тиімсіз игерілуіне жол бере алмаймыз. Жыл сайын миллиардтаған қаржы бөлеміз. Бірақ та елі де тиісті нәтиже болмай тұр».

Ербол ҚАРАШӨКЕЕВ,
«ҚазАгро» холдингі АҚ басқарма төрағасы:

«Холдингтің өзінде трансформация бағдарламасы бар. Біз «ҚазАгроны» шағын құрамда жасақтайтын боламыз. Шығындардың бәрін қысқартып жатырмыз. Келесі жылдың басында 7 еншілес компанияның үшеуі ғана қалады. Жалпы, 1000 адам қысқартылады. Осылайша, әкімшілік шығындар да азаяды. Ал директорлар кеңесіне тәуелсіз сарапшылар тартылады. Біз ол кеңесті толығымен жаңартамыз. Осылайша, 2020 жылдың нәтижесінде холдингі шығынсыз дәрежеге шығаруды көздейміз».



Қорған

ҚЫЗМЕТІНЕ АДАЛ АЗАМАТ

Еңбек демалысында жүрсө де, қызметтік міндетін ұмытқан емес. Ақмола облыстық полиция департаментінің қызметкері, аға сержант Дархан Тұрсынов сондай кәсіби мамандығына адал азамат. Еңбек демалысына шығып, Нұр-Сұлтан қаласында жүрген ол қылмыскерлерді оқиға орнында ұстады.

Өткен аптада полиция қызметкері көлігімен танысын көпқабатты үйдің ауласына жеткізіп салды. Сол сәтте біреудің айқайлаған дауысын естіді. Дархан «Жигули» көлігіне жүгіріп келе жатқан ер адамды байқайды. Әлгі кісі көлікті тоқтатуға тырысты. Полиция қызметкері көп ойланбай белгісіз азаматқа көмектесуге ұмтылды. Одан оқиғаның мән-жайын сұрады. Елорда тұрғыны «Жигули» көлігінің жүргізушісі мен ішіндегі жолаушылар өзінің «темір тұлпарын» ақтарып кеткенін айтты. Дархан әбжіл қимылмен көлікті тоқтатуға тырысты. Сол сәтте



жолаушылардың бірі көліктен шығып қашып кетті. Ал үшінші жолаушы әйел болып шықты.

Бірадан кейін жәбірленушінің шақыруы бойынша полициялар оқиға орнына жетті. Дархан түнгі ұрыларды тәртіп сақшыларына тапсырды. Тексеру нәтижесінде тәртіп бұзушылардың бұған дейін де осындай ұрлықпен айналысқаны анықталды. Қазір оларға қатысты тергеу амалдары жүріп жатыр.

Дархан Тұрсынов 2008 жылдан бері патруль полициясында қызмет етіп келеді. Ол қызметін адал атқарып, абыройға бөленген азамат.

Макпал МАХАМЕТҚЫЗЫ

Аптаның айтары

Дәурен АБАЕВ,
ақпарат және қоғамдық даму министрі:

«Қазақстандағы екі билік» деген дақпырт басылды деп ойлаған өдім. Бұл мәселені талқылай берудің қажеті жоқ. Бізде заңды түрде сайланған Президент бар. Оған Қазақстандағы халықтың 74 пайызы даусы берді. Ал бұл дегеніңіз – біздің еліміздегі 6,5 млн адам деген сөз. Қазіргі таңда Конституциямен бекітілгендей Президентте толыққанды барлық құзырет бар. Азаматтардың орасан зор сенім мандаты, Елбасының қолдауы бар. Қос билік туралы дақпыртты талқылай берудің ретін кермей тұрмын. Келісіп алу – тағайындау емес. Мемлекет басшысы тағайындайды. Сондықтан, жоқ жерден еңгіме шығарудың қажеті жоқ».



Сөз-Жебе

Қайрат РАИСОВ,
Бас прокурордың көмекшісі:

«Соңғы үш жылда коллекторларға қатысты 15 қылмыстық іс қаралды. Бұл тұрғыда олардың дерекі іс-қимылдарына, мәліметтердің үшінші адамдарға берілуіне байланысты шағым көп. Осы орайда коллектормен арада болған әңгіменің аудиозаждары ұсынылды. Бұл жазбалардан сұмдық сөздерді естуге болады. Бұл тұрғыда осы әңгіме коллекторлық компания қызметкерімен болғанын нақтылай алмаймыз, себебі олар жеке нөмірмен байланысқа шығады. Осындай шағымдарды Ұлттық банкке ұсынамыз. Коллекторлық компаниялар арасында жұмысын адал атқармайтындар да кездеседі. Яғни, бұл салада заңнамаға қайшы әдіс пайдаланатындар арасында бұрынғы бандыпар да бар».



Қызықтар

51 МЫҢ НӨМІР... ҚАНДАЙ ҚЫЗЫҚ ӨМІР!



Кейбіреулер ұялы телефондағы бір нөмірге ие бола алмай жүрсө, еліміздегі бір тұрғынның атында 51 мың нөмір тіркеліпті. Осыдан кейін байланыста неге ақау болды? – деп таңқаламыз. Бұл туралы цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі телекоммуникация комитетінің төрағасы Виталий Ярошенко хабарлады.

Төрағаның айтуынша, ел тұрғындарының нөмірді тіркеп, ұялы телефонға бекітіп алуға жыл бойы уақыт берілген. Ол: «Бір әйелдің атына 51 мың нөмірдің тіркелгені анықталды. Ол ұялы байланыс кенселерінің біріне барып, 51 мың нөмірдің иесі ретінде операторға нөмірдің барлығын өшіріп, тек біреуні қалдырғысы келетіні туралы өтініш жазды. Ал 51 мың нөмірдің бірталайын басқа біреулер пайдаланды ғой! Міне, осы телефон нөмірлері өшірілді. Осы әйел сияқтылар қаншама?! – дейді. Комитет төрағасы жұртты қырағы болуға шақырды.



Бәрекемді!

Елімізде дене шынықтыру мен спортты

дамытудың 2025 жылға дейінгі тұжырымдамасы аясында ұланғайыр жұмыстар жүргізіліп келеді. Мұның қаншалықты нәтиже бере бастағанын уақыт дәлелдеуде. Қорыта айтқанда, дәл осы спорт саласында күн сайын жаңалық естуге болады. Шетелдерде өтіп жатқан түрлі жарыстан жеңіспен оралған жерлестеріміз ел мақтанышына айнала бастады.

Күні кеше Біріккен Араб Әмірліктерінде барлық салмақта

көлемінде өткен сындардан басқа халықаралық жарысқа екі рет қатысып, бірінде күміс алса, осы жолы мойнына алтын тақты.

Жас боксшыларды күтіп алу үшін Алматы әуежайына біраз спортуейер қауым жиналды. Мойнына таққан алтын күнге шағылысып, құшағындағы гүлі спорт киімдерімен үйлесе кеткен бойжеткен бізге ұяң көрінді. Jas qazaq ұлттық апталық басылымы атынан алғашқы алтынымен шын жүректен құттықтап, алдағы уақытта да жеңістер тіледік.

Таразға асығыс жол жүріп бара жатқан боксшы қызды аз-кем сөзге тартқанымызда ол: «Барша жанқуырым ризамын. Спортты дамытуға ерекше көңіл бөліп отырған ел ағаларына,

жасөспірімдер спорт мектебінен былтыр 2 күміс, 4 қола жүлдегер, 6 жеңімпаз шыққанын айта кетейік. Олардың арасында Назерке Серік Қазақстан чемпионы атанған. Ал Биыл 5 күміс, 8 қола бұйырып, 6 Қазақстан чемпионы мен Азия чемпионатының жеңімпаздары шықты. Мұның сырын спорт мектебінің директоры, халықаралық дәрежедегі спорт шебері Бақтияр Тілегенов былайша түсіндірді: «Спорт – салауатты өмір сүрудің кепілі. Бүгінгі күні ұрпақ саулығына аса зор мән



Бақтияр ТІЛЕГЕНОВ

ЖАСӨСПІРІМДЕР ЖЕҢІСПЕН ОРАЛДЫ



өзім жаттығып жүрген облыстық мамандандырылған №6 балалар мен жасөспірімдер спорт мектебінің басшыларына рахмет. Алдағы уақытта да үмітті ақтауға тырысамын. Енді спортқа қалай келгенімді айтар болсам, бокс маған қатты ұнады. Осыдан 3 жыл бұрын осы ойымды ата-анам айтқаныма, ол кісілер алғашында қарсы болды. Бірақ өтініп тұрған соң талабымды қайтармады. Соңғы уақытта қол жеткізген табыстарыма отбасым қуанады. Ағам да спортпен айналысады. Алтын алуыма боксты шексіз жақсы көретіндігім, елімізді әлемге танытсам деген арман әсер етті», – деді.

Жасөспірімдер арасындағы әлемдік долада спорт мектебінің шәкірттері Валерия Семенова мен Сұлтан Бабаханов та алтын алып, тек бір ұл жүлделі орынды иемденді.

Осы жерде облыстық мамандандырылған №6 балалар мен



Ертай БАҒЫМБЕКОВ

беріліп келеді. Балаларының болашағына, біздің шаңырағымызға сенім артқан ата-аналар қатары көбейді. Сондықтан балалар мен жасөспірімдерді спортқа жүйелі түрде тартуды, олардың белгілі бір спорт түріне қабілетін

жаттықтырушысы Ертай Бағымбеков былайша ой толғады: «Рас, қазіргі жастар арасында спортқа қызығушылық басым. Фуджейра қаласында бақ сынаған жастарымыздың өнерінен де осыны аңғардық. Екі қыз және бір ұл Азия чемпионы атанды. Олар мектепте 3-4 жылдан бері бокспен айналысады. Назеркені өзім жаттықтырамын. Валерия – Бауыржан Аскаротын, Сұлтан Ержан Жаркынбековтің қарамағында.

Бүгінде мектепте тамаша үрдіс қалыптасты деуге болады. Назерке әзі мәрте еліміздің чемпионы атанған. Одан соң Сербияда өткен халықаралық жарыста күміс медаль алып, шаршы алаңда өз шеберлігін көрсетті. Осы жолы ең үлкен жарыс – Азия чемпионатында алтын алып, бәрімізді қуантты. Назерке өте қарапайым, адамға жанашыр. Ал енді алаңға шыққанда Назерке нағыз боксшы. Алғашында толқылды. Алайда ол құрама команданың капитаны болғандықтан, өзін-өзі қайыра білді. Тек жеңіске деген құштарлық оның мерейін үстем етті. Келесі жылы жастар арасында әлем чемпионаты өтеді. Азия чемпионаты да күтіп тұр. Соған қатысудан үміттіміз».

Спорт саласын дамытудың әлемдік тәжірибесі спортшылардың Олимпиада ойындары мен халықаралық жарыстарда жоғары жетістіктерге қол жеткізетінін көрсетеді. Жамбылдық жас спортшылардың жеңісі – осының бір дәлелі.

Жолдасбек ДУАНАБАЙ

бокстан жасөспірімдер арасында Азия чемпионаты өткені белгілі. Әрине, әлемнің 28 елінен жиналған дола төңірегінде айтуға оңай. Сондықтан, еліміздің жасөспірімдері осы жолы қандай деңгейде өнер көрсететіндігін асыға күттік. Әр аймақтан барған 13 ұл мен 13 қыздың қайсысының мерейімізді тасытары бәрімізді толғандырды. Көп күттірмей сүйінші хабар да жетті. Алғашқы алтын 54 келі салмақта шаршы алаңға шыққан Назерке Серікке бұйырды. Ол өзінің үндістандық қарсыласынан басым түсті.

Жасөспірімдер спорт мектептері мен олимпиада резервінің мамандандырылған балалар мен жасөспірімдер мектептерінің жұмысына қойылатын талаптардың айқын жүйесін қалыптастыру да қажет, мұның негізіне, дене күшінің және техникалық даярлықтың, дене дамуы мен денсаулық жағдайын бағалаудың үлгілік сипаттамаларын есепке ала отырып, дарынды жас спортшыларды ұзақ жылғы спорттық іріктеу қағидаттары қалыптасатын болады.

(Елімізде дене шынықтыру мен спортты дамытудың 2025 жылға дейінгі тұжырымдамасы)

Ұлт саулығы

«Денсаулық» мемлекеттік бағдарламасы аясында туберкулез дертінің алдын алуға қарсы шаралар тұрақты қолға алынып келеді. Аталған дертпен күресу еліміз бойынша зор қарқынмен жүзеге асуда. Құзырлы орындар мен дәрігерлер бірлесіп отырып, жұқпалы дертке қарсы тұрудың барлық амалдарын қарастыруда. Соның нәтижесінде барлық аймақта дерттің көбеюіне тосқауыл қойылды.

қоршаған ортаға миллиондаған туберкулез таяқшасын бөледі. Осындай науқаспен қарым-қатынаста болған ересектер мен балаларға ауа арқылы туберкулез таяқшалары жұғуы мүмкін. Бірақ туберкулез ауруының қоздырғышы жұққан адамдардың барлығы бірдей ауруға шалдықпайды. Олардың көбінде латентті туберкулез

Дерт белгілері алғаш рет анықталған балаларда химиофилактика, яғни арнайы дәрілерді тағайындау арқылы туберкулездің алдын алады.

Балаларда туберкулез ауруының алдын алудың ең тиімді әдісі – БЦЖ вакцинасын жасау (туберкулезге қарсы вакцина). Сирек жағдайда БЦЖ вакцинасы жасалған бала

әсіресе балалар мен жасөспірімдер, өкпесінде қандай да бір қалдықты өзгерістер анықталған адамдар, түрмеден шыққандар, әртүрлі себеп салдарынан ағзаның қорғаныс күштері әлсіреген адамдар (қант диабеті, өкпенің созылмалы ауруы бар адамдар, маскүнемдер, нашақорлар, темекі шегу, иммуносупрессорларды

тез шаршағыштық, әлсіздік болса, кеуде тұсы ауырса, кен түкіру болса, туберкулез ауруына тексерілген жөн. Өкпеден тыс туберкулездің белгілері алуан түрлі және зақымданған ағзаның байланысты болады. Мысалы, сүйек-буын зақымдалса, ауыру сезімі, зақымдалған сүйек қызметінің бузылуы байқалады. Нерв жүйесі зақымдалса – бас ауыру, лоқсу, құсу, дене қызуының жоғарлауы болады; шеткі лимфа бездері зақымдалса – без көлемі үлкейіп, ісінеді, оның үстіндегі тері қызарады, кейін ол жер жарылып, жыланкөз пайда болады. Көз туберкулезі кезінде – көздің шырышты қабаты қызарып, көз жасаурап, ауру сезімі болуы мүмкін. Аурудың кез келген белгілері бар адамдар уақыттылы дәрігердің көмегіне жүгінуі тиіс. 15 жастан асқан барлық адамдар ауруды ерте анықтау мақсатында жылына бір рет флюорографиялық тексеруден өтуі керек. Жөтеліп жүрген адамдар «жөтел әдебин» сақтауы керек, яғни жөтелген кезде ауызды қол орамалмен немесе қолмен жабуы керек, көрінген жерге қақырып, түкіруге болмайды. Ең бастысы – өзін-өзі емдемей, бірден дәрігерге барып қаралу керек.

ДЕНДЕГЕН ДЕРТКЕ ТОСҚАУЫЛ ҚОЙЫЛАДЫ

инфекциясы, яғни жұққандық пайда болады және болашақта олардың тек 5-10%-ы ғана туберкулез ауруына шалдығуы мүмкін. Ауруға шалдығуға әкеліп соғатын келесі қауіп-қатер факторлары: туберкулезге шалдыққан науқаспен тығыз және біраз уақыт бойы қарым-қатынастың болуы; балала БЦЖ вакцинациясының болмауы; күйзеліс; қосымша созылмалы аурудың болуы немесе жиі ауруға шалдығу; дұрыс және уақытылы тамақтанбау; зиянды әдеттердің болуы; жасөспірімдік кезі.

Аталған дерттің жұққандығын манту сынамамы арқылы анықтайды.



туберкулезбен ауруы мүмкін, бірақ бұл кезде балада аурудың жеңіл, ем қонатын түрі дамиды.

Көптеген адамдар «Туберкулез ауруы бізге қауіп төндірмейді» деп ойлауы мүмкін, бірақ қоршаған ортадағы ауру қоздырғышының кең таралуы салдарынан кез келген адам, соның ішінде туберкулез ауруына шалдығу қаупі жоғары немесе осал топтағы адамдар қатерлі дертпен ауруы мүмкін. Осал топқа туберкулезбен ауырған адаммен қарым-қатынаста болғандар,

қабылдайтындар, мигранттар) жатады.

Туберкулез ағзаның кез келген мүшесін зақымдауы мүмкін, алайда инфекция ауа арқылы таралатындықтан, өкпе жиі зақымданады. Туберкулез ауруының белгілері әртүрлі болуы мүмкін, кейде ауру, тіпті ешқандай белгісіз өтуі де мүмкін. Сондықтан да жыл сайын медициналық тексеруден өтіп тұрған абзал. Егер екі аптадан астам уақыт бойы жөтел, дене қызуы байқалса, салмақ тастап жүдеу,

ауруының алдын алу – әр адамның міндеті. Сондықтан кез келген адам өз денсаулығын жақсарту мақсатында дұрыс тамақтану, спортпен шұғылдану, зиянды әдеттерден бас тарту, тазалық сақтау арқылы салауатты өмір салтын ұстануы тиіс.

Панагүл МӘНЕРҚЫЗЫ,
Ұлттық ғылыми фтизиопульмонология орталығының мониторинг және бағалау, эпидемиология, статистика және ақпараттандыру бөлімінің басышысы

«Туберкулезбен сырқаттану және одан болатын өлім-жітімнің едәуір төмендегеніне (сырқаттанушылықтың жыл сайын 9%-дан астам, өлім-жітімнің – 5 жылда 2 еседен астам төмендеуі) қарамастан, Қазақстан 2014 жылдың деректері бойынша Еуропа өңіріндегі туберкулездің таралу деңгейі жоғары 18 елі арасынан 7-орын, ілкі төзімді туберкулез деңгейі бойынша – 2-орын, ал ЖБИ-де туберкулездің таралуы бойынша 102-орын алады».

(Денсаулық сақтау саласын дамытудың 2016 - 2019 жылдарға арналған «Денсаулық» мемлекеттік бағдарламасынан)

БАЛА БЕЙНЕ

Қазір, міне, 63 жасқа келіп отырмын.

Мұхтар Әуезов атындағы Казак мемлекеттік академиялық драма театрында қызмет еткеніме 35 жылдан асыпты. Өнер жолына келгеніме өкінбеймін. Балалық шақ демекші, бүлдіршін кездерім өте керемет өтті. Жастайымнан табиғатқа, жан-жануарларға, балық аулауға құмар болдым. Ағаларым аңға шықса, мен де арттарынан қалмай, солармен бірге жүретінмін. Мектепте бұзықтау болдым. Сабақта да тыныш отырмайтынмын.



Жоламан ӘМИРОВ,
актер, Құрмет орденінің иегері:


— Не болды, апа, — дедім түк түсінбей.
— Ақша қайда? — дейді анам ашуға булығып.
— Қандай ақша? — деймін мен танырқап.
— 5 сом, — дейді анам одан сайын ұрысып.
— Ой, апа, мен алған жоқпын, — деймін дәлелдей алмай.
— Қашан болса да менен көресіз, — деп анама ренжідім.
Сөйтіп біраз күн өтті. Ұрланған ақша оқиғасы да ұмытыла бастаған. Бәріміз

басында кәмпитке таласты ма, әйтеуір, шуылдап кеттік. Сонда анам қарындасыма ұрысып еді, ол жылап есіктің алдына шығып кетті. Бір уақытта табадырықта жылап отырып, тиындарды шығарып жатыр, шығарып жатыр. Жылаған күйі бір ұыс тиынды анама әкеліп ұсынды. Дәл сол кезде момақан інімнің беті қызарып кетті. Анам бәріміз ақшаны кім алғанын бірден білдік.
— Айттым ғой, апа, мен алған жоқпын, маған сенбеген едіңіз, — деп мен қоймаймын.
Сөйтсем, інім сомды тыныға майдалап алып шетінен жаратып жүрген екен.
Біздің үлкен атамыз Битан сері болған екен. Дауысы зор. Айқайлағанда 7-8 шақырымға жететін, алып тұлғалы кісі. «Тау Шелекте Битаннан асқан алып адам болған жоқ», — деп ел-жұрт айтып жүретін. Әр рудын 10 шақты серісі бірге шығып, әрқайсысы ауыл аймағындағы жағдайы нашар отбасыларды санап, соларға көмектескен. Сал серінің ұрпағы болғандықтан ба, біз де отбасымызбен өнерге жақын болып өстік.
Біздің кезімізде асық ойнамаған бала жоқ шығар. Өзім асықты жақсы ойнағам. Тіпті бес дорбадай асық жинағаным бар. Асықты ойнай берсең, мерген болып кетесің. Анамның берген тиындарын жинап, сақа сатып алған кезім болған.

Ауылдағы кішкентай балалардың атаманы болдым. Ырғай ағашынан садақ пен жебе жасайтынмын. Жебенің ұшына консерві калбырын кесіп

Бұзық баланың бірі едім

Осындайда кішкентай кезімдегі бір оқиға ойыма



оралып отыр.
Өзімнен кейін Қалқаман дейтін інім бар еді. Ол өзі томпылып қалған, онша бұзықтық жасамайтын момақан болатын. Бірақ оның біз күтпеген қылықтары бар боп шықты. Ешкімге білдірмей анамның жинаған ақшасынан ұрлап жүреді екен.
Кішкентай кезімізде анамыздың қасына ұйықтаушы едік қой. Інім үйдің кенжесі болғандықтан, көбінесе анамның қасында сол ұйықтайтын. Анам ақшасын жастығының астына жинап жүретін. Інім анамның ұйықтағанын күтіп отырады екен де, көзі ілінген сәтте шетінен ақша алып жүрген. Ертесі анам жұмысына, мен сабаққа кеттім. Кешке сабақтан келсем, анам аяқасты таяқтың астына алды.

бір күні таңғы шәй ішіп отырғанбыз. Анам жұмысқа асығып отырған. Өзімнен кейінгі қарындастарым, інім барлығы дастархан

JAS QAZAQ ГААБРЕҢЕСЫ

Жетісу төрінде Орбұлақ шайқасының 356 жылдығына орай ұйымдастырылған «Орбұлақ шайқасы» тарихи қойылымы болды.

Ауқымды шара шайқас көрсетілімімен ғана шектелген жоқ. Бір мезетте 25 отты қазанда 2,5 тонна бауырсақ пісіріліп, қонақтарға

тегін таратылды. Осылайша шараны ұйымдастырушылар Қазақстан рекордтар кітабының сертификатына ие болды.
Сондай-ақ ұлттық колөнер шеберлері мен зергерлер шеберлік сабақтарын көрсетті. Ұлттық киім үлгілерінің көрсетілімі болып, казак күресі, жамбы ату, садақ атудан, асық ойнаудан бәсеке ұйымдастырылды. Тіпті бүркіт, тазы, түйелердің керуені жұртты қайран қалдырды. Қойылымнан кейін жұртшылық Балпық билің 325 жылдығына орайластырылған бәйгені тамашалады.



Ел бірлігінің үлгісі

Фотоларды түсірген: Жәніс ЫСҚАБАЙ

Бетті дайындаған Макпал НОҒАЙБАЕВА

ӘТТЕҒЕН-АЙ:

Көңілді музыкант (әуезді жаттығу)

Домбырада мен ойнаймын, Дың-дың-дың, дың-дың-дың. Қозы-пақтар би билейді, Дың-дың-дың, дың-дың-дың.

Енді ойнаймын қобызда, Зың-зың-зың, зың-зың-зың. Ботақандар би билейді, Зың-зың-зың, зың-зың-зың.

Енді ойнаймын дауыпазда, Дүң-дүң-дүң, дүң-дүң-дүң. Төлдер састы, тұра қашты, Дүң-дүң-дүң, дүң-дүң-дүң.

Ұрып ойнайтын аспаптарды ұрмалы аспаптар деп атайды. Ұрмалы аспаптарға даңғыра, дабыл, дауыпаз жатады.

Ән

Бапа – мальчик,
Саусақ – пальчик.
Лә-лә, лә-лә,
Лә-лә, лә-лә.

Песня – ән,
Мода – сән.
Лә-лә, лә-лә,
Лә-лә, лә-лә.

терді жүргізіп, үйренген әніңе лайық суретті

МАМАН ПІКІРІ

1-сыныптың «Музыка» пәніне арналған оқулықтың бетін ашып көрдіңіз бе? Jas qazaq газетінің оқырманы сол кітаптағы бір өннің мәтінін арнайы жолдап, жұрттың көзқарасын білгісі келіпті. Осыған орай біз Алматы қаласындағы №179 жалпы білім беретін мектептің музыка пәні мұғаліміміз Марта Ерболқызының пікірін жариялағанды жөн көрдік.

ӘНМЕН АЛДАУҒА БОЛМАЙДЫ

Музыка пәні мұғалімі ретінде айтарым, кітаптағы әндерге қатысты әр түрлі пікірдің болуы қалыпты жағдай. Себебі қарапайым басқа саланың адамдары бұл әндердің сөзін, мағынасын түсінбеуі мүмкін. Себебі музыкада дауыс жаттығуы, диқсия, сөз деген ұғым болады. Сөйкесінше, балаларға жеңіл әрі ыңғайлы, қызықты болсын деп, көптеген авторлар орыс тілінен қазақшаға аударып, өлең шумақтарын жазған. Өздеріңіз қарап тұрсаңыздар, сөздердің қасында аспаптардың (домбыра, қобыз, дауыпаз) суреті тұр. Бала сол әнді суретке қарап отырып, оның дыбысталуын ауызбен салып, бірге айтып орындайды. Дыбысты қайталау арқылы дауыс жаттығуларын да жасайды және аспаптардың дыбысын түсінеді. Ал 2-ші өңге келетін болсақ, бала – мальчик, саусақ – пальчик деген секілді сөздер екі тілді үйренуге арналған. Бала әрі тілді үйренеді, әрі ән айтуды үйренеді. Бір қарағанда, бұл өлең жолдары жеңіл әрі түсініксіз секілді. Аудармадан алынғаннан кейін кейбір сөздің мағынасы түсініксіз болуы да мүмкін. Сондықтан отандық авторларды тартып, казак тілінде сапалы дүниелер жасасак дұрыс болар еді.



Алматы

БАСПАСӨЗ – 2020

JAS QAZAQ газетін оқи жүріңіздер!

Жазылу еліміздің кез келген «Қазпошта» бөлімшелері арқылы жүргізіледі

Жазылу индексі 65032

Жазылу мерзімі	Қала	Ауыл
1 айға	279,24	297,86
3 айға	837,72	893,58
6 айға	1675,44	1787,16
12 айға	3350,88	3574,32

Бас редактор — директор Срайыл СМАЙЫЛ
Редакция алқасы:

Жолдасбек ДУАНАБАЙ Бас редактордың орынбасары

Жарас КЕМЕЛЖАН жауапты хатшы

Ғалия ҚАЛИЕВА компьютер орталығының жетекшісі

Тілшілер мен қызметкерлер:

Макпал НОҒАЙБАЕВА — арнаулы тілші

Әбдіманап КЕНЕС — жасстар және ғылым

Кәмшат ТӨЛЕШОВА — терімші

Айдос ҚУСАЙЫНҰЛЫ — web-sait

Аймақтағы меншікті тілшілер:

Байкен КӨБЕЕВ — Ақмола және Солтүстік Қазақстан облыстары (8 778 910 45 34)

Кажет АНДАС — Алматы облысы (8 747 706 13 82)

Баян ЖАНҰЗАКОВА — Атырау облысы (8 702 426 69 05)

Ерман ӘБДИЕВ — Жамбыл облысы (8 705 256 50 05)

Айхан БАШТАШ — Осло, Норвегия mahmutba@online.no

Ұлдай САРИЕВА — Батыс Қазақстан облысы (8 705 150 48 30)

Кезекші редактор **Макпал НОҒАЙБАЕВА**

Шығарушы: **«Аманат Медиа» ЖШС**

Директордың орынбасары **Мейрамбек ҚҰЛМҰХАМЕДОВ**

Бас есепші **Расима ӘКІМБЕКОВА**

Редакцияның мекенжайы:
050012, Алматы қаласы, Мәуленов, 85 үй, №61 кеңсе, 3-қабат (Бөгенбай батыр көшесінің қиылысы)
Телефондар: 8(727) 272-43-39; 272-43-25
Бухгалтерия: тел.факс: 8(727) 272-46-22 (жарнама бөлімі)

Газет «Дәуір» ЖШС РПИК (Алматы қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17-үй)
тел: (727) 273-12-04, 273-12-54
Тапсырыс — №2185;
Бағасы келісім бойынша

Апталық таралымы — 8 000 дана

Газет Қазақстанның барлық аймақтарында таралады, сондай-ақ «Air Astana», «Turkish Airlines», «QazaqAir» әуежолдарының ұшақтарында бар.

Газет 2004 жылы 14 желтоқсанда тіркелген.
2018 жылдың 14 ақпанында ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде қайта есепке тұрып, №16904-Г куәлігін алды.
Мақала авторының пікірі редакция көзқарасын білдірмейді.
Жарнама мәтініне тапсырыс беруші жауапты.
Газетте жарияланған материалдар мен суреттерді сітмесіз көшіріп басуға болмайды.